

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ПСИХОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ

Факультеттің Ғылыми Кеңес мәжілісінде

Бекітілді

Факультет деканы

_____ Б.Б. Мейрбаев

№11 хаттама 26.06.2025ж.

Мамандықтар:

«6M051400–Қоғамменбайланыс», «6M042200–Баспа ісі», «6M055400–Журналистика»,
«7M03214- Бизнес-коммуникация», «7M03203 -Халықаралық журналистика», «7M02104-
Медиадизайн» және, «7M01601-Тарих», «7M01602-Тарихжәнегеография», «7M02219-
Археология», «7M03207-ІТ Архивтану және құжаттану» «7M02220-Этнология және
антропология», 1 курс магистранттарына

«Басқару психологиясы»

пәні бойынша білім беру бағдарламасы

ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Кредит саны-2

Күзгі семестр

2025-2026 оқу жылы

1 курс, қазақ бөлімі, күзгі семестр

Алматы, 2025

«Басқару психологиясы» пәні бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры, психология ғылымдарының докторы Тоқсанбаева Н.Қ. дайындаған

Кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды.

«26» 06.2025 ж., хаттама №21

Кафедра меңгерушісі _____ Нурмаханбетов А.Л.

Кіріспе

Пән бойынша қорытынды емтихан түрі – жазбаша (offline). Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және МӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылады. Емтиханға дайындық барысында курстың негізгі теориялық мазмұнын, терминология мен әдістерді де қайталау қажет.

Емтихан өткізу ерекшеліктері: емтихан барысында магистр емтихан сұрақтарына белгіленген кестеге сәкес, жазбаша жауып береді. Жоғары ажыратымдылықтағы бейне камералары бар және дыбыс жазылатын аудиториялар мен дәріс залдарында offline режимінде өтеді.

Пәннің мақсаты:

Басқару іс-әрекетінің теориялық-практикалық негіздерін талқылай отырып, тұлға теорияларын басқару тәжірибесінде қолдану мүмкіндіктері, басқарудың мотивациялық аспектілері, ұйымдағы эмоциялық күйді басқару, басшының тұлғасы мен тұлғааралық және қызметтік қатынастар психологиясы, ұйымдық коммуникация, ұйымның корпоративті мәдениеті жайлы зерттеулерді негіздеуге бағытталған басқару жүйесіне бағдарлама (жоба) құрастыру үшін жаңа заманауи басқару психологиясының базалық теориялары мен зерттеулерін қолдану арқылы басқару жүйесінің психологиялық негізі туралы теориялық білімдерін қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері:

Курсты оқу нәтижесі бойынша магистр қабілетті болады:

1-ОН: когнитивті: Басқару іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктерін зерттеу негізінде және заманауи басқару психологиясындағы тұлға түсінігін, тұлға теориялары және оны басқару тәжірибесінде қолдану мүмкіндіктерін, басқару өзара әрекетіндегі тұлға және басқарудың мотивациялық аспектілерін талдау арқылы басқару жүйесі және басқару психологиясына тән негізгі ұғымдар туралы теориялық білімдерін қалыптастыру

2-ОН: функционалды: Басқару өзара әрекетіндегі тұлға және басқарудың мотивациялық аспектілерін, басшының тұлғасын, қызметтік қатынастар мен байланысты, басқару стилін, ұйымдық іс-әрекеттер, топтық динамика, өзгерістер мен жаңалықтарды, ұйымдардағы адамгершілік мәселесін, оның өлшемі мен деңгейін анықтау арқылы басқарудың табиғатын түсіну мен мамандығы бойынша кездескен түрлі кедергілерді шешу үшін альтернативтер ұсына алады, топтық құрылым мен оның динамикасы туралы ұсыныстар бере алады.

3-ОН: жүйелік: Іскерлік қатынас және кәсіби қарым-қатынас психологиясын, лидерлік дағдыларды түсіну және қолдануды, лидерлік және мотивация мәселесін, ұйымдағы қызметкерлердің қанағаттануы және гармония табуды, ұйымда эмоциялық күйді басқаруды түсіну арқылы басқару жүйесінің табиғатын анықтауға арналған психологиялық зерттеу әдістерін қолдану мен басқару саласында жинақтаған теориялық білімін практикада жүзеге асыра алады.

4-ОН: Ұйымдық коммуникацияны, мәдениетаралық коммуникация психологиясын, ұйымның корпоративтік мәдениетінің психологиялық табиғатын талдау арқылы басқару іс-әрекетінің негізін түсінуге бағытталған басқару процесінің классификациясын жасау және басқару іс-әрекеті және басқару жүйесі кезеңдерін классификациялай алады.

Емтиханды өткізу формасы

СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША.

Жазбаша емтихан тапсыру процесі емтихан билетін автоматты түрде құруды қамтиды. Білім алушыға мәтінді берілген сұрақтар бойынша жазбаша жауап қалыптастыру қажет.

Оқытушы Univer АЖ (univer.kaznu.kz) сұраулығына пән бойынша әзірленген емтихан сұрақтарын жүктейді.

Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

Бірінші блокқа оқыту объектісін білу мен түсінуді бағалайтын когнитивті (білімділік) құзыреттілік сұрақтары енеді. Бұл студенттердің оқыту аймағындағы алдыңғы қатарлы білімді түсіну мен білімін көрсету қабілетін қамтиды.

Екінші блокқа ақпаратты қолдану және талдау іскерлігін бағалайтын функционалды құзыреттілікті анықтайтын сұрақтар кіреді. Бұл студенттердің зерттеу аймағындағы дәлелдерді қалыптастыру мен негіздеу және мәселелерді шешу арқылы өз білімін қолдана білуі және түсінуін қарастырады.

Үшінші блокқа ақпаратты синтездеу және бағалау іскерлігін анықтайтын жүйелік құзыреттілік мәселелері кіреді. Мұнда магистрлердің пікірлерді дәлелдеу, эссе жазу, шығарма жазу қабілеттері бағаланады.

Пән бойынша қорытынды емтихан 15 апталық оқытудан кейін жүргізіледі. Емтихан түрі – жазбаша.

Емтихан тапсыруға дайындалуға арналған тақырыптар:

Тақырыптар:

1. Басқару психологиясына кіріспе және даму тарихы және зерттеу әдістері
2. Заманауи басқару психологиясындағы тұлға түсінігі.
3. Тұлға теориялары және оны басқару тәжірибесінде қолдану мүмкіндіктері.
4. Басшының тұлғасы ұйымды басқарудың субъектісі ретінде
5. Жеке тұлғалар арасындағы қатынастар және қызметтік қатынастармен байланыс.
6. Ұйымдық іс-әрекеттер, топтық динамика, өзгерістер мен жаңалықтар
7. Тұлғааралық және ұйымдағы қарым-қатынасты түсіну
8. Іскерлік қатынас және кәсіби қарым-қатынас психологиясы
9. Лидерлік дағдыларды түсіну және қолдану
10. Ұйымдағы қызметкерлердің қанағаттануы және гармония табу.
11. Ұйымдық коммуникация
12. Мәдениетаралық коммуникациясы психологиясы
13. Ұйымның корпоративтік мәдениеті
14. Тұлғаның Мен-концепциясы және іскерлік мансап.
15. Ұйымдағы конфликт.
16. Басқару өзара әрекетіндегі тұлға және басқарудың мотивациялық аспектілері
17. Ұйымдық тәртіп және тәртіп орнатудағы мәселелер, ұйымдардағы мотивация.
18. Ұйымда эмоциялық күйді басқару
19. Конфликтілі мінез-құлық модельдер
20. Басқару психологиясы ғылымының тарихы мен зерттеу әдістерінің түрлері

Ұсынылатын әдебиеттер: Негізгі:

1. Ахтаева Н.С., Абдижаппарова А.И., Бекбаева З.Н. Басқару психология. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
2. Аронсон Эллиот, Уилсон Тим, Эйкерт Робин. Социальная психология. Психологические законы поведения человека в социуме. – СПб, прайм-ЕВРОЗНАК, 2012. – 560 с.
3. Бердібаева С.Қ. Тұлға психологиясы. А, Қазақ университеті, 2016, 203б.
4. Волкогонова О.Д., Зуб А.Т. Управленческая психология. – Москва: ИД «Форум»- Инфра, 2015
5. Ким А.М. Современная психология понимания. Алматы: Қазақ университеті, 2010. -320 б.
6. Ньюстром Дж., Дэвис К. Организационное поведение: Поведение человека на рабочем месте / под ред. Ю.Н. Каптуневского. СПб.: Питер, 2000.
7. Столяренко А.Д. «Психология делового общения и управления» Ростов-на-Дону: Феникс, 2015
8. Aamodt S., Wong S. Secretsofthebrain, or why smart people do stupid things-2001., 381 P.
9. Gilovich, Keltner, & Nisbett (2012). Social Psychology (3rd Ed). New York: W.W. Norton. ISBN: 978- 0393913231
10. Michael Aamodt and Bobbie Raynes. You will need to bring this book with you to class every week.- 2016, USA
11. Salerno, J.M., & Peter-Hagene, L.C. (2013). The interactive effect of anger and disgust on moral outrage and judgments. Psychological science, 24, 2069-2078.
12. Салих Гүней. Ұйымдық іс-әрекеттер. - «Нобель» баспасы, Анкара, 2011 (түріктілінде)
13. Эмре Өзкальп, Чигдем Кырел. Ұйымдық іс-әрекеттер. «Еким» баспасы. - 2012 (түрікше).

Қосымша:

1. Андреева Г.М. Социальная психология. М.: Аспект Пресс, 2000.
2. Бандурка А.М., Бочарова С.Л., Землянская Е.В. Психология управления. Харьков: ООО «Фортуна-пресс», 1998.
3. Виханский О.С., Наумов А.И. Менеджмент. М.: Экономистъ, 2003.
4. Грейсон Дж.К., О'Делл К. Американский менеджмент на пороге XXI века. М.: Экономика, 1991.
5. Джуэлл Л. Индустриально-организационная психология. СПб.: Питер, 2001.
6. Занковский А.И. Организационная психология. М.: Флинта, 2000.
7. Кабаченко Т.С. Психология управления: учеб. пособие. М.: Пед. о-во России, 2000.

8. Мескон М., Альберт М., Хедоури Ф. Основы менеджмента. М.: Дело, 2002.
9. Психология управления. Практикум/под ред. Н.Д. Твороговой. М.: ГЭОТАР-МЕД, 2001 (2008).
10. Розанова В.А. Психология управления, учеб. пособие. М.: Альфа-Пресс, 2008.
11. Спивак В.А. Организационное поведение и управление персоналом. СПб.: Питер, 2000.

Интернет-ресурсы:

1. Пространственная организация общения: электронный ресурс. —

БАҒАЛАУ САЯСАТЫ
BAK/MAG/DOC СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША

№	Критерий/балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы 90–100%(27-30 балл)	Жақсы 70–89%(21-26 балл)	Қанағаттанарлық 50–69%(15-20балл)	Қанағаттанарлықсыз	
1сұрақ 30 балл	Курс теориясы мен тұжырымдамаларын білу және түсіну	«Өте жақсы» деген баға сұрақтың жан-жақты түсіндірмесі, әрбір қорытынды мен мәлімдеме үшін егжей-тегжейлі дәлелі бар, логикалық түрде құрастырылған және әзірленген тақырыптардан мысалдармен расталған жауап үшін қойылады.	«Жақсы» деген баға сұрақтың толық, бірақ толық емес қамтылуын, негізгі ережелердің қысқартылған аргументтерін қамтитын және материалды беру логикасы мен реттілігін бұзуға мүмкіндік беретін жауапқа қойылады. Жауапта терминдерді дұрыс қолданбауы кедергі келтірмейді.	«Қанағаттанарлық» бағасы билетте ұсынылған сұрақтарды толық қамтымаған, негізгі ойларды үстірт дәлелдейтін, баяндаудағы композициялық теңгерімсіздіктерге, материалды баяндау логикасы мен реттілігін бұзуға жол берген жауапқа қойылады. Әзірленген жазбаларынан мысалдармен теориялық ойлары көрсетілмейді.	Қойылған сұрақтарды дұрыс қамтымау, қате дәлелдеу, фактілік және сөздік қателер, дұрыс емес қорытындыны болжау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу...; Қорытынды бақылауды өткізу ережесін бұзу.
2сұрақ 35 балл	Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру, содан кейін курстың практикалық мәселелерін шешу;	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, толық емес, курстың практикалық мәселелерін толық шешпей қойылған сұраққа дәлелді жауап беру; курс бойынша ғылыми тіл нормаларын сауатсыз пайдалану;	Материал фрагменттелген, логикалық дәйектілікті бұза отырып, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, курстың теориялық білімі үстірт қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі немесе жеткілікті ойластырылмаған жауап жоспары; тапсырмаларды шеше алмау, тапсырмаларды жалпы түрде орындау; нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктердің	Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытынды және нәтиже жасай алмау. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

№	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		Өтежақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90–100% (36-40балл)	70–89% (35-28балл)	50–69% (27-20балл)	25–49% (19-10балл)	0–24% (0-9балл)
3сұрақ 35 балл	Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға Қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі	Ғылыми ұстанымды және қолданылған әдістемемен технологияны дәйекті, қисынды және дұрыс негіздеу, сауаттылық, ғылыми тіл нормаларын сақтау, жалпы дұрыс тұжырымдарға әсер етпейтін материалды ұсынуда 1-2 дәлсіздікке жол беріледі (+графикалық деректер арқылы негіздеу нәтижелерін визуализациялау).	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4дәлсіздікке,жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жақсы жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер бар, сонымен қатар практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлдік жоқ	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды,сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады.

Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі - 100балл, оның ішінде

бірінші сұраққа – 30балл,

екінші сұраққа- 35 балл,

үшінші сұраққа- 35 балл.